

ЖШС «Күншуак» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы № 1

07.09.2023

Төрегалық етуші: Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы: Сланбекова А.

Қатысқандар: 17

Күн тәртібі

1. Қызметкерлердің құрамы 2023 - 2024 оқу жылында жаңа келген қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
2. Балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру.
3. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды: Балабақша меңгеруші балабақша қызметкерін жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, жаңа оқу жылына табыстар тіледі.

Балабақшаның ішкі еңбек тәртібімен таныстырып, балабақша қызметкерлерінің құқықтарымен, міндеттері, балабақша күн тәртібімен таныстырып өтті.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі және дәмбикесі сөз алды, Ол өз сөзінде балалардың тамақтану мәзірінің айлық, және бір апталық мәзір алдын ала дайындалып қойылатынын және де күз мезгілінде көкеністермен жемістер пісіп жатқандықтан ас мәзіріне көптен енгілгені туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылдады.

Жиналыс шешім етеді.

1. Ішкі еңбек тәртібімен таныстырылғандығы жөнінде нұсқаулық жасалып таныстырылсын.
2. Балалардың тамақтанудың ұйымдастырылуы сынай талаптарына сай жүргізілсін.



Жиналыс төреғасы: Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы:

Сланбекова А.

ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы № 1

07.12.2023

Төрағалық етуші: Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы: Сланбекова А.

Қатысқандар: 14

Күн тәртібі

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық.
2. Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау.
3. Қызылша ауруының алдын алу жұмыстары

Тыңдалды: Өндірістік кеңес мәжілісінің төрағасы балабақша меңгеруші сөз алып, бүгінгі жиналыстың күн тәртібімен таныстырып, өтті, алда жаңа жыл мерекесін өткізу жауапкершілігі тұрғанын жеткізді, жаңа жыл мерекесін өткізу барысында ең алдымен өрт қауіпсіздігімен техника қауіпсіздігін сақталуын ескертті, сонымен қатар жаңа жыл мерекесі балалардың ең сүйікті мерекелерінің бірі болғандықтан, балаларға қызықты өту үшін бар жағдайлар жасалып, сценарилерін талқылап бекітті. Ертегі кейіпкерлерінің рольдеріне қызметкерлер бекітілді.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық жөніндегі меңгерушісі сөз алып, өрт қауіпсіздік ережелерін сақталуы жөнінде сөз қозғады. Қыс мезгілі болғандықтан, алдағы мерекелерге, топтарда қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін ескертуді ескертті.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша медбикесі сөз алып балабақшадағы балаларды жұқпалы аурулардан қорғау мақсатында уақытылы екпе салдыруға шақырды. Қызылша ауруының көбейіп жатқаны туралы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе шешім қабылдауда.

Жиналыс шешім етеді

1. Жаңа жыл мерекесіне дайындық жүргізуге жауапты мамандар бекітілсін.
2. Өрт қауіпсіздік ережелері сақталсын.
3. Балабақша балаларды түгел қызылшаға қарсы екпе салдырсын

Жиналыс төрағасы

Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы

Сланбекова А.



ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы № 3

05.03.2024

Төреғалық етуші: Төлебаева Г.Б.

Хатшы: Сланбекова А.

Қатысқандар: 17

Тақырыбы: Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау ережелерінің талаптарының орындалуы.

Мақсаты: Оқу жылы бойы өткізілген жұмыстар балалардың, денсаулығын сақтау құзыреттілігі, ауру-сырқауды төмендету, олардың өмірі және денсаулықтың қорғауға әсері.

Күн тәртібінде: Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау ережелерінің талаптарының орындалуы.

Тыңдалды: Әдіскер Төлебаева Г.Б.

Қойылған тапсырмаларды шешу үшін пәндік – дамытатын органы жабдықтауға, денсаулық сақтау технологиясын енгізуге көңіл бөлінді. Балалармен таңғы шеңбер құру, психогимнастика өткізу психологиялық ахуалдың жасауына мүмкіндік туғызды. Әр жыл мезгіліне серуен картотекасын құру серуен уақытында өткізілетін қимыл белсенділігін ұйымдастыруда жүйелі амал жасауға, түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын қолдануға көмектесті.

Бөбекжайда үнемі балалардың қауіпсіздік тіршілік әрекеттерін қорғау тұрғысынан жабдықтау және оқу құралдарын сараптау жұмыстары жиі жүргізіліп отырды.

Ұйымдастыру жұмысының айлық жоспарларына педагогтардың денсаулықты сақтау технологиясын қолдану.

Тыңдалды: Медбике Смаилова Г.

Қадағалауды ұйымдастырудың айлықжоспарына педагогтардың денсаулық сақтау технологиясын қолдануды саралау қосылады: сергіту сәттерін қолданудың тиімділігі, ұйымдастырылған оқу қызметіндегі қимылдау шапшаңдығы, ұйымдастырылған оқу қызметінен жалығуды ескеруі, серуенді ұйымдастыруда балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау. Осы міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстардың жағдайын талдау мақсатында, 2023 жылы қыркүйек айында «Балалардың бойында мәдени-гигиеналық машықтарды және салауатты өмір салты, күн тәртібін орындау машықтарын қалыптастыру» бойынша тексеріс жүргізілді. Тексеріс нәтижесі мәдени-гигиеналық машықтардың және салауатты өмір салтының бөбекжай бойынша орташа алғанда, орташадан төмен деңгейде қалыптасқандығын көрсетті. Әсіресе, ортаңғы

топтағы көрсеткіш өте төмен болды, бұл негізінен осы топқа келген балалардың көпшілігінің ешқандай да гигиеналық машықтарының жоқ болуына байланысты орын алды. Балалардың осы машықтарының сапасына 2024 жылы сәуір айында қайта талдау жүргізу ұсынылды. Қайта жүргізілген талдау барлық жас топтарындағы балалардың машықтары мен біліктіліктерінің айтарлықтай өскендігін байқатты. Тексеріс қорытындысы бойынша айқындалған кемшіліктерді жою мақсатында, педагогтар үшін ұсынымдар әзірленді. Бөбекжайда жүргізілген тексеріс дене тәрбиесі бойынша нұсқаушының дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметін жиі өткізіп сауықтыру тиімділігін арттыруға қол жеткізгендігін көрсетті, бұл ретте дене тәрбиесі ұйымдастырылған оқу қызметінің жиі өтуінің балалардың қозғалыс қимылдарын орындау сапасын төмендетпейтіндігі байқалды. Балалардың бойындағы қозғалыстың жай жүріс, жүгіру, тепе-теңдік сақтау, өрмелеу сияқты түрлері бойынша машықтары жеткілікті деңгейде қалыптасқан ал, лақтыру, секіру машықтарының қалыптасу деңгейі жеткіліксіздеу. Бөбекжайда өткізілген сауықтыру жұмыстары да оң нәтиже берді. Балалардың денсаулығын нығайту бойынша сәтті жұмыс жүргізудің қажетті шарттарының бірі – осы бағытта ата-аналармен бірігіп жұмыс істеу болып қалады. Ол үшін балабақшадағы балалармен жүргізілетін сауықтыру жұмыстарының нәтижелерін ата-аналарға хабарлап отыру.

Қиыншылықтар:

- Балалар негізгі қозғалыстардың барлығын бірдей жақсы меңгере алмайды;
- Балалар гигиена және салауатты өмір салтының ережелері бойынша алған білімдерін әрқашанда үлкендердің ескертуінсіз, өз беттерімен қолданбайды.

Себептері:

- Балалармен жеке жұмыс жүргізу кезінде, нысанаға лақтыруға және секіруге жеткілікті назар аударылмайды;
- Отбасында қозғалысты дамытуға бағытталған жұмыстардың болмауы;
- Тәрбиешілер балалардың мәдени-гигиеналық машықтарын тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлмейді.

Сондықтанда, балалардың денсаулығын нығайту, олардың денсаулықтарын сақтаудан хабардар болуын дамыту ең басты мәселе болып қалады. Бұл келесілермен байланысты

- Балалар балабақшаға әлсіз иммундық жүйемен келеді, ата-аналарды оларды мектепке дейінгі мекемеге баруға даярламайды;
- Балабақшаға келген кейбір балалардың қарапайым мәдени-гигиеналық машықтары болмайды;
- Балалардың дене тұлғасының мақсатты шынығуына дамуына, отбасындағы суық тию ауруларының алдын-алуға ата-аналардың барлығы бірдей көңіл бөле бермейді;

- Балалардың СӨС дамыту нысандары мен әдістерін тұрақты жаңартып отыру және балалардың денсаулықты сақтаудан хабардар болуын анықтау үшін жаңа тәсілдерді іске асыру қажеттілігі.

Шешім: Жоғарыда мазмұндалғандарды ескере отырып, жұмыстың алдағы кезеңінде жүргізілетін міндеттерді белгілеу.



Жиналыс төрағасы: *Сланбекова А.* Сланбекова Г.Б.

Хатшы: *Сланбекова А.* Сланбекова А.

ЖШС «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы

Өндірістік жиналыс отырысының хаттамасы № 4

22.05.2024

Төреғалық етуші: Төлебаева Г.Б.

Хатшы: Сланбекова А.

Қатысқандар: 17

Күн тәртібінде:

1. 2023 – 2024 оқу жылының қорытындысы
2. 2024 жыл, жазғы жұмыстар.
3. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Төлебаева Г. есеп берді. Осы оқу жылында жоспарға сәйкес барлық іс шаралар өткізілді. Тәрбиешілер әртүрлі семинарларға катысып өз біліктіліктерін көтеру үшін жан-жақты ізденісте. Топтардағы бала саны біршама толықты. Жалпы жылдық жоспарды түгелімен орындадық деуге болады. Балабақша түлектерімен қоштасу кешін өткізіп, мектепке шығарып салдық.

Жазғы сауықтыру шараларының жоспары жасалды. Ең алдымен ата-аналарға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары ескертіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Балалардың денсаулығын нығайту үшін су процедуралары, құммен ойнау, түрлі спорттық шаралар өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «1 – маусым балаларды қорғау» күніне орай денсаулық күнін өткізбекшіміз деді.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Төлебаева Г. жазғы демалыс кезінде балалар қауіпсіздігі туралы ата-аналар үшін жадынама берілді.

Балалардың демалып және сау болуы үшін, ата-аналармен, туысқандарымен, достарымен демалысты ұйымдастыру кезінде бірқатар ережелер мен талаптарды есте сақтау керек.

Балалар бойына жеке қауіпсіздігін сақтау дағдыларын қалыптастырыңыздар; балалармен жеке әңгіме жүргізіңіздер; маңызды ережелерді түсіндіріңіздер; оларды ұстану өмірлерін сақтауы мүмкін; баланың бос уақыты мәселесін шешіңіз.

Есте сақтаңыз!

1. Өз балаңыздың қайда, кіммен жүргені туралы үнемі біліп отырыңыз, барған орнын бақылаңыз; бөгде адамдармен сөйлесуге тыйым салыңыз. Балаңызға егер біреу оған қиянат жасағысы келсе, әрқашан кімге болса да «жоқ» депайтуға толық құқығы

бар екенін түсіндіріңіз; қандай жағдай болмасын танымайтын адамдардың көлігіне отыруға болмайтынын түсіндіріңіз;

2. Қауыздағы шомылу мен ойындар рақаттанғаннан басқа баланың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызады. Балаңыз суда болған уақытта одан көз алмаңыз, басқа нәрсеге алданбаңыз сол сәттегі минут қайғылы жағдайға ұшыратуы мүмкін, балаларға жалғыз суда шомылуға, сонымен қоса білмейтін жерде сүнгуге болмайтынын мідетті түрде түсіндіріңіз, балаларға қарап отырған ересек адамның өзі де алғашқы көмек көрсетуді білуі тиіс, қолдан дем алдыру мен тікелей емес жүрек укалауын жасауды жүргізуді білуі тиіс.

3. Жол-көлік уақиғасының құрбаны немесе себепші болмауы үшін, балаларға жол жүру ережелерін үйрету қажет, жолда және қоғамдық көлікте мұқият болуды үйретіңіз; балалармен ойын және спорт алаңында, жорыққа шыққанда абайлаңыз және қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз;

4. Отпен мұқият болыңыздар. Отпен мұқия болмағандықтан өрт жағдайларының кен тараған оқиғаларына балалардың назарын аударыңыз; баланың отпен сотқарлығы, сөндірілмеген көмірлер, сөндірілмеген темекі қалдықтары, сіріңкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің қоқысты жағулары; шөптерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану.

5. Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда аңғалдық болатынына назар аударыңыз. Сондықтан өзін ұстаудың оңай ережелерін балалардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Сіз оны үнемі естеріне салып отыруға міндеттісіз.

ҚАУЛЫ:

1. Жылдық жоспарды орындауды жақсарту, әр түрлі байқауларға қатысу;
2. Сауықтыру шаралары кезінде балалардың денсаулығына мұқият қарау.
3. Ата-аналармен балалардың қауіпсіздігі туралы жиі хабарласып, ескертіп тұру.

Жиналыс төрағасы



Кудирбекова Ш.Б.

Хатшы:

Сланбекова А.